



Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік автомобиль инспекциясының арнаулы баспа өнімдерін даярлау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 маусым N 651. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.06.08. N 777 қаулысымен. ~P010777

Қазақстан Республикасының көлік құралдарын есепке алу мен тіркеу, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру және олардың халықаралық жол қозғалысына толық құқылы қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік автомобиль инспекциясының арнаулы баспа өнімдерін (жүргізушілер куәліктерінің бланктері мен Қазақстан Республикасының көлік құралдарын тіркеу туралы айғақтамаларды) дайындаушы мамандандырылған режимдік кәсіпорынды анықтасын.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Қазақстан

Республикасының мемлекеттік рәміздері бейнеленген тиісті халықаралық талаптарға сай келетін аталған өнімдерді даярлау жөнінде тапсырыс жасау құқығы берілсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес арнаулы баспа өнімдеріне ақы төлеу мен оны есепке алу тәртібін, сондай-ақ оған кеткен шығынды көлік құралдары иелерінің есебінен өтеудің шартын әзірлеп, бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК